

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



Бекітемін
Тарих және құқық факультетінің
деканы
Ғ.К. Кенжебаев
« » 2025 ж.

**«8D053 - гуманитарлық ғылымдар» БББТ бойынша қабылдау
емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2025

«8D053 - гуманитарлық ғылымдар» білім беру бағдарламасының тобы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

1. Отандық тарихтың іргелі мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-әдістемелік көзқарас.
2. Дүниежүзі тарихының іргелі мәселелері.
3. Деректану, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері.

«8D016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау» білім беру бағдарламасының тобы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

1. Отандық тарихтың іргелі мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-әдістемелік көзқарас.
 2. Дүниежүзі тарихының іргелі мәселелері.
 3. Деректану, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері.
 4. Тарихты оқыту әдістемесі.
- 1. Отандық тарихтың іргелі мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-әдістемелік көзқарас**

Тақырып 1. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы

Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Археологиялық, геологиялық, антропологиялық кезеңдеу. Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы. Олардың орналасу ерекшеліктері. Ежелгі адамның шаруашылығы мен тұрмысы. Тарихқа дейінгі кезеңдегі адамның мәдениеті. Ерте палеолиттегі өнер мен діни түсініктердің қалыптасуы. Алғашқы қауымдық өнер ескерткіштеріндегі антропо және зооморфтық бейнелердің ерекшеліктері.

Тақырып 2.Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуының алғышарттары.

Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Ежелгі темір өңдеу техникасы. Мал шаруашылығы негізінде өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы және оның кезеңдері. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті. Еуразияда көне жылқы көлігі коммуникациясының дамуы. Дала аймағы – көне дөңгелекті көлікті даму орталықтарының бірі.

Тақырып 3. Атқа міну мәдениетінің генезисі

Көшпелілер тарихын кезеңдеу. Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштері. Жазба деректер. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі.Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы.

Тақырып 4. Мемлекеттіліктің қалыптасуының бастапқы кезеңі.

Прото және ежелгі түріктердің мәдениет генезисі.Прототүрік және протомоңғолдық элементтердің ежелгі байланыстары мәселесі. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі. Ғұндардың (сюнну)

империясының саяси тарихы. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Үйсіндердің тілдік және этникалық шығу тегі мәселесі.

Тақырып 5. Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері

Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы. Жазба және археологиялық деректер мәліметтері. Түрік қағанатының құрылуы, құрылымы және саяси тарихы. Қарлұқ мемлекетінің саяси тарихы: құрылуы, көрші мемлекеттер мен тайпалармен қарым-қатынастары.

Тақырып 6. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы.

Оғыздардың этникалық тарихы мәселесі. Қараханидтер. Қыпшақтардың шығу тегі мен этникалық тарихы. Қимақ, қыпшақ, кумандардың үштік этникалық триадасы.

Тақырып 7. Ұлы Дала Алтын Ордалық кезеңде (XIII-XV ғғ.).

Шыңғыс хан және Монғол империясының құрылуы. Монғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы. Алтын Орданың құрылуы. Алтын Орда билеушілері. Алтын Орданың әлсіреуі және күйреуі

Тақырып 8. Ұлы Дала Алтын Ордалық кезеңде (XIII-XV ғғ.).

Ақ Орда (XIII ғ. соңы – XV ғ. басы) жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш мемлекет. Мухаммад хан тұсындағы биліктің нығаюы. Уәйіс хан және оның ұлдары Есенбұғы мен Жүністің таққа таласы. Шағатай мемлекетінің құрылуы. Моғолстан (XIV ғ. ортасы – XVI ғ. басы). мемлекеттің құрылуы. Аумағы мен этникалық құрамы.

Тақырып 9. XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер.

Көшпелі өзбектер мемлекеті (1428-1468 жж.), немесе Әбілқайыр хан мемлекеті. Аумағы және этникалық құрамы. Әбілқайыр ханның билікке келуі. Ноғай ордасы (Маңғыт жұрты) – XIV ғ. соңы – XV ғ. аумағы және этникалық құрамы. Ноғай Ордасының көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы. Ноғай Ордасындағы саяси дағдарыстар, мемлекеттің ыдырауы мен құлауы.

Тақырып 10. Қазақ халқының қалыптасуы. «Қазақ» этнонимі. Қазақ жүздері

Қазақ халқы қалыптасуының тарихи алғышарттары. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер. Мемлекеттің құрылу факторы және оның этникалық үдеріске ықпалы. «Өзбек» және «қазақ» ұғымдарының арақатынасы. «Қазақ» терминінің әлеуметтік, этникалық мәні мен мазмұны.

Тақырып 11. XV-XVI ғғ. Қазақ хандығы

Қазақ хандығы дәуірінің кезеңделуі. Қазақ хандығының құрылуы, оның барысы және негізгі оқиғалары. Қазақ хандығының күшеюі. Бұрындық хан тұсындағы Қазақ хандығының Сырдария бойындағы қалалар мен өңірлер үшін

күресі және оның барысы, қорытындысы. Қазақ хандығының XVI ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы.

Тақырып 12. XVII ғ. және XVIIIғ. басындағы Қазақ хандығы. Қазақстанның XIV ғасыр – XVIII ғғ. бас кезі аралығындағы мәдениеті

XVI ғ. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Есім ханның Сырдария бойындағы қалалар үшін күресі. Қазақ және Бұхар хандықтары арасындағы қарым-қатынастар. Жоңғар хандығының пайда болуы, алғашқы қазақ-жоңғар қатынастары. Тәуке ханның билікке келуі, оның саясаты. Қазақ-жоңғар қатынасында шиеленістің күшеюі. Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Билер институты.

Тақырып 13. Қазақстан империялық тәжірибелер жүйесінде.

Қазақстан Ресей империясымен, ортаазиялық хандықтармен, Башқұртстанмен, Қимақ хандығымен халықаралық қатынастар жүйесінде. Жоңғар хандығының күшеюі: жоңғарлардың Қазақстанға басқыншылық стратегиясы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары.

Тақырып 14. Қазақстандағы отарлық дәуірінің басы

Қойбағар Қобяковтың дипломатиялық миссиясы. Сейітқұл Қойдағұлов пен Құтлұмбет Қоштаев басқарған хан Әбілқайыр елшілігі. Мырза Құтлу Мухаммад Тевкелев басқарған Ресей елшілігі. И.К. Кирилов жобасы. Орынбор экспедициясының ұйымдастырылуы мен қызметі. Қазақ хандары мен Кіші және Орта жүздердің ықпалды сұлтандарынан ант қабылдау (XVIII ғ. 40 ж.). Орынбор губерниясының губернаторы И.И.Неплюевтің саясаты. Әбілқайыр мен Орынбор әкімшілігі арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі.

Тақырып 15. ХІІІ ғасырдың соңындағы Қазақстан және Орта Азия мемлекеттері.

1839 жылғы Хиуа жорығы және оның нәтижелері. Сырдария шекара сызығының белгіленуі.

Ұлы жүз сұлтаны Суық Абылайханұлының Ресей бодандығын қабылдауы. І-ші Александрдың Ұлы жүз қазақтарын Ресей бодандығына қабылдағаны туралы Құрмет грамотасы. 1846 жылы Жетісу сұлтандарының Ресей бодандығын қабылдауы. Іле аймағын отарлау. Алатау округінің құрылуы.

2. Дүниежүзі тарихының іргелі мәселелері

Тақырып 1. Әлемдік тарихты кезеңдерге бөлудің мәселелері

Тарихи кезеңдерге бөлу – адамзат тарихын жүйелеудің маңызды құралы. Ғалымдар тарихи кезеңдердің шекарасы, олардың критерийлері мен әмбебаптығы жайлы әлі күнге дейін пікірталас жүргізуде.

Тақырып 2. Адам мен қоғамның пайда болу мәселесі

Адамзаттың және қоғамдық қатынастардың қалай қалыптасқаны – антропология, археология және тарихтың тоғысқан тұсы. Бұл үдерісте еңбек, тіл және сана ерекше рөл атқарғаны туралы түрлі көзқарастар бар.

Тақырып 3. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы: тарихнамалық көзқарас

Мемлекеттің шығу тегі жайлы келісімдік, күшпен жаулап алу, теологиялық сынды бірнеше теориялар бар. Әртүрлі өркениеттерде билік пен құқықтық нормалар қалай қалыптасқанын зерттеу тарих ғылымында маңызды орын алады.

Тақырып 4. Тарихнамалық әдістер: өркениеттік және формациялық көзқарастар

Өркениеттік көзқарас әр халықтың ерекшелігін баса көрсетсе, формациялық тәсіл қоғамдық-экономикалық құрылымдардың алмасуына назар аударады. Бұл екі әдіс те тарихи даму заңдылықтарын түсіндіруде қолданылады.

Тақырып 5. Шығыс пен Батыс өркениеттерінің мәдени өзара ықпалы

Шығыс пен Батыс елдері арасындағы сауда, қақтығыс және мәдени алмасу адамзат тарихында маңызды рөл атқарған. Бұл тақырып өркениетаралық диалог пен стереотиптерді жеңу жолдарын ашады.

Тақырып 6. Антикалық полис және демократиялық институттардың дамуы

Грек полисі – азаматтық қоғамның алғашқы үлгісі. Афина демократиясының дамуы бүгінгі күнге дейін билік пен еркіндік жайлы зерттеулерге негіз болуда.

Тақырып 7. Феодализмнің пайда болуы және аймақтық ерекшеліктері

Феодалдық құрылым Еуропа, Византия мен Шығыста әртүрлі жағдайда қалыптасты. Аграрлық, әскери және діни факторлар феодалдық қатынастардың дамуында шешуші рөл атқарды.

Тақырып 8. Қайта өрлеу дәуірінің Еуропа мәдениеті мен ғылымына

әсері

Қайта өрлеу дәуірі адам мен білімге бет бұру кезеңі болды. Бұл уақыт ғылым мен өнердің дамуына, сондай-ақ жаңа дүниетанымға жол ашты.

Тақырып 9. Ұлы географиялық ашылулар және отарлық кеңею

XV–XVII ғасырлардағы географиялық ашылулар әлемнің саяси-экономикалық картасын түбегейлі өзгертті. Олар Еуропа елдерінің отарлық үстемдігін орнатуға мүмкіндік берді.

Тақырып 10. Индустриялану және дәстүрлі қоғамнан индустриялық қоғамға өту

Аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға көшу терең экономикалық және әлеуметтік өзгерістермен сипатталады. Бұл үдерісті тарихта модернизация деп атайды.

Тақырып 11. Азия мен Африка халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстары

XIX–XX ғасырларда колониялық үстемдікке қарсы қозғалыстар өршіп, тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына жол ашты. Бұл үрдістер адамзаттың теңдікке ұмтылысын көрсетеді.

Тақырып 12. Тарихтағы революциялар және олардың маңызы

Революциялар қоғамдық өзгерістерді жеделдететін тарихи құбылыстар ретінде қарастырылады. Француз, американ және орыс революциялары әлемдік тәртіпті қайта қарауға себеп болды.

Тақырып 13. Екінші дүниежүзілік соғыс және оның жаһандық салдары

Бұл соғыс жаңа халықаралық құрылымның, БҰҰ-ның құрылуына, отарлық жүйенің ыдырауына және әлемдік саясаттың өзгеруіне алып келді. Тоталитаризм мен геноцид мәселелері де осы кезеңмен тығыз байланысты.

Тақырып 14. XXI ғасырдағы жаһандану және жаңа жаһандық сын-қатерлер

Жаһандану экономиканы ғана емес, мәдениет пен саясатты да біріктіру үдерісі. Миграция, экологиялық дағдарыс пен теңсіздік — заманауи жаһандық мәселелердің қатарында.

Тақырып 15. Тарих ғылымының әдістемелік мәселелері және жаңа концепциялар

Тарих ғылымы постмодернизм мен цифрлық қоғам жағдайында жаңа әдіснамалық сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Қазіргі концепциялар әртүрлі дереккөздер мен түсіндірмелерді қамти отырып, тарихи шындықты кешенді түсінуге тырысады.

3. Деректану, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері

Тақырып 1. Деректану – тарихи ғылымның бір саласы

Деректану – өткенді танудың негізі болып табылатын тарихи деректерді зерттейтін ғылым саласы. Ол тарихи деректерді жинау, талдау, сараптау және ғылыми айналымға енгізу жолдарын қарастырады.

Тақырып 2. Тарихи дерек және тарихи танымның объектісі мен субъектісі

Тарихи дерек – адам әрекетінің іздері ретінде өткен оқиғалар жайлы мәлімет көзі. Ал тарихи таным субъектісі – зерттеушінің өзі, оның білім деңгейі мен методологиялық ұстанымдары деректі түсінуге әсер етеді.

Тақырып 3. Деректанудың пәні мен міндеттері

Деректанудың басты міндеті – деректердің шынайылығын, дәлдігін анықтап, оларды ғылыми зерттеулерде дұрыс қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол дерекке қатысты теориялық және қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталады.

Тақырып 4. Тарихи деректердің жіктелуі және олардың әлеуметтік қызметі

Тарихи деректер жазба, заттай, бейнелеу, фольклорлық және ауызша болып бөлінеді. Бұл деректердің әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік ортада пайда болып, тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Тақырып 5. Деректану әдіснамасы және зерттеушінің ұстанымы

Зерттеушінің философиялық көзқарасы мен ғылыми мектебі деректі талдау әдістерін таңдауға әсер етеді. Объективті және субъективті факторлар деректің мазмұнын тануға кедергі не көмекші бола алады.

Тақырып 6. Тарихи деректерді талдаудың кезеңдері

Деректанулық зерттеу методологиялық дайындықтан, дерекпен танысудан, мазмұндық сараптаудан және қорытындылаудан тұрады. Әр кезең тарихи деректің маңызын ашуға бағытталған.

Тақырып 7. Авторлық, мәтін тарихы және деректің пайда болу жағдайлары

Деректің авторы мен оның туындау уақыты деректің мазмұны мен мақсатын түсінуге көмектеседі. Мәтіннің жариялану тарихы да зерттеуші үшін маңызды.

Тақырып 8. Дерек мәтінін интерпретациялау және мазмұндық талдау

Мазмұндық талдау арқылы деректегі әлеуметтік, саяси, мәдени ақпараттар анықталады. Бұл процесс зерттеуші мен дерек арасындағы "диалог" іспетті.

Тақырып 9. Тарихи деректер кешенін салыстырмалы әдіспен зерттеу

Салыстырмалы тарихи және типологиялық әдістер бір-біріне ұқсас немесе қарама-қайшы деректерді қатар қарауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тарихи шындықты нақтылауға жол ашады.

Тақырып 10. Кешенді көзқарас және пәнаралық әдістерді қолдану

Деректануда археология, лингвистика, палеография сияқты ғылымдардың әдістері пайдаланылады. Бұл деректердің ашық және жасырын мағлұматтарын анықтауға септігін тигізеді.

Тақырып 11. Ежелгі антикалық дереккөздер

Гомер эпосы, грек және рим тарихшыларының еңбектері көне қоғам жайлы негізгі дерек болып табылады. Заттай жәдігерлер де сол заманның тұрмысы мен мәдениетін сипаттайды.

Тақырып 12. Ортағасырлық дереккөздер мен олардың түрлері

Орта ғасырда қолжазбалар, шежірелер, заң жинақтары мен діни мәтіндер басты дерек ретінде қызмет етті. Олар феодалдық қоғамның құрылымын, наным-сенімін түсінуге көмектеседі.

Тақырып 13. Жаңа замандағы деректер және олардың ерекшелігі

Жаңа дәуірде жазба деректер түрленіп, заңдық, дипломатиялық, статистикалық және публицистикалық сипатқа ие болды. Бұл деректер Еуропа мен Американың қоғамдық-саяси дамуын зерделеуге мүмкіндік береді.

Тақырып 14. Интернет-ресурстар – қазіргі дереккөз ретінде

Ғылыми және архивтік сайттар, цифрлық кітапханалар қазіргі тарихшы үшін құнды дерек көзіне айналды. Алайда бұл ресурстармен жұмыс істеудің өзіндік әдістемелік қиындықтары да бар.

Тақырып 15. Деректану мен тарихнаманың байланысы және қазіргі заманғы көзқарастар

Деректану мен тарихнама өзара тығыз байланысты: дерек зерттелмей – тарих жазылмайды. Қазіргі заманғы ғылыми парадигмалар – постмодернизм, герменевтика, мәдениеттанушылық тәсіл – тарихи дерекке жаңа қырынан қарауға жол ашады.

4. Тарихты оқыту әдістемесі

Тақырып 1. Тарихты оқыту әдістемесінің пәні мен міндеттері

Тарихты оқыту әдістемесі – мектептегі тарих пәнін қалай, не үшін және кімге оқыту қажет деген сұрақтарға жауап беретін ғылыми пән. Ол оқытудың мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын жүйелі түрде қарастырады.

Тақырып 2. Тарихты оқыту әдістемесінің педагогикалық ғылымдар

жүйесіндегі орны

Бұл пән педагогика, психология, тарих ғылымдарымен тығыз байланысты. Ол білім берудің мақсаттарын жүзеге асыруда теория мен тәжірибені ұштастырады.

Тақырып 3. Қазақстандағы тарихи білім беру жүйесі және оның даму кезеңдері

Қазақстанда тарихты оқыту әдістемесі ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. Алаш қайраткерлері мен ағартушылардың еңбектерінен бастап қазіргі заманғы инновациялық тәсілдерге дейін үздіксіз даму сатысынан өтті.

Тақырып 4. Нормативтік құжаттар және тарихи білім беру саясаты

Мемлекеттік білім беру бағдарламалары, ҚР Білім туралы Заңы мен Концепциялар тарих пәнін оқытудың мазмұны мен бағыттарын айқындайды. Мұғалім нормативтік құжаттармен жұмыс істей білуі қажет.

Тақырып 5. Жалпы орта білім беруде тарих пәнінің орны

Тарих – тұлғаны азаматтыққа, отансүйгіштікке, сыни ойлауға тәрбиелейтін негізгі пәндердің бірі. Ол мектептегі гуманитарлық пәндер жүйесінде жетекші рөл атқарады.

Тақырып 6. Тарихи білімнің құрылымы және оқушы білімінің қалыптасуы

Тарихи білім – деректер, фактілер, ұғымдар, хронология, түсініктер мен қорытындылар жиынтығы. Бұл білім кезең-кезеңмен, белгілі бір логикамен беріледі.

Тақырып 7. Тарихи ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі

Оқушыларда тарихи ұғымдар (мемлекет, революция, феодализм т.б.) нақты және түсінікті болу үшін көрнекілік, салыстыру, модельдеу әдістері қолданылады. Ұғымдар жүйелі түрде және сабақтастықпен берілуі тиіс.

Тақырып 8. Тарихты оқытудағы әдістер мен тәсілдер жүйесі

Оқыту әдістеріне баяндау, әңгімелесу, пікірталас, құжатпен жұмыс, көрнекілік, карта арқылы оқыту жатады. Әдістер оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай іріктеледі.

Тақырып 9. Сабақтың формалары және сабақтан тыс жұмыс түрлері

Негізгі форма – дәстүрлі сабақ болса, қосымша түрде тарихи кештер, экскурсиялар, ғылыми жобалар, пікірсайыстар өткізіледі. Олар пәнге қызығушылықты арттырады.

Тақырып 10. Тарихты оқытудағы көрнекілік пен картамен жұмыс

Карта – тарихи кеңістікті түсінудің негізгі құралы. Кестелер, диаграммалар, суреттер мен тарихи иллюстрациялар оқушының есте сақтау

қабілетін жақсартады.

Тақырып 11. Тарих сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (ИКТ)

Компьютерлік бағдарламалар, интерактивті карталар, сандық мұрағаттар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. ИКТ – тарихты көрнекі әрі тиімді оқытудың заманауи құралы.

Тақырып 12. Интерактивті және инновациялық оқыту әдістері

Ойын, жоба, кейс, дебат, проблемалық оқыту әдістері оқушының сыни және шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Бұл әдістер оқушыларды дербес білім алуға бейімдейді.

Тақырып 13. Тарихты оқытудағы құзыреттілікке бағытталған тәсіл

Құзыреттілік – білімнің өмірмен байланыстылығын көрсетеді. Бұл тәсіл оқушының тек білім алуын емес, оны қолдана білуін көздейді.

Тақырып 14. Критериалды бағалау жүйесі және тарих сабағында оны қолдану

Критериалды бағалау – оқушы жетістігін алдын ала анықталған өлшемдер арқылы бағалау. Бұл жүйе әділдікті қамтамасыз етіп, оқушының дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Тақырып 15. Тарих сабағында тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыру

Тарих – отансүйгіштік, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру құралы. Пән арқылы оқушының тарихи сана-сезімі, азаматтық ұстанымы қалыптасады.

«D053-Гуманитарлық ғылымдар» білім беру бағдарламасының тобы бойынша эссе тақырыптары /

Тематика эссе по ГОП «D053 - Гуманитарные науки» /

Essay topic for Group of educational programs «D053 - Humanities Sciences»

№	Эссе тақырыбы (қазақ тілінде)	Тема эссе (на русском языке)	Subject of the Essay (in English)
1.	Тарихи білім жүйесі. Тарихты зерттеудегі жүйелілік принципі.	Система исторического познания. Принцип системности в изучении истории.	Historical cognition system. The principle of consistency in the study of history.
2.	Тарихи дерек көзі және тарихи факт.	Исторический источник и исторический факт.	Historical source and historical fact.
3.	Жалпы ғылыми әдістер және олардың тарихи зерттеулердегі орны.	Общенаучные методы и их место в историческом исследовании.	General scientific methods and their place in historical research.

4.	Ежелгі Шығыс қоғамдарының әлеуметтік құрылымы.	Социальная структура обществ древнего Востока.	Social structure of societies of the ancient East.
5.	Үндістан мен Қытайдың діни-философиялық жүйелері.	Религиозно-философские системы Индии и Китая.	Religious and philosophical systems of India and China.
6.	Еуропадағы революциялық қозғалыстар: тарихи алғышарттар, кезеңдер, саяси бағдарламалар, нәтижелер.	Революционные движения в Европе: исторические предпосылки, этапы, политические программы, итоги.	Revolutionary movements in Europe: historical prerequisites, stages, political programs, results.
7.	Ежелгі Қазақстан тарихына қатысты жазба деректер (антикалық, қытайлық, ежелгі парсы деректері)	Письменные источники по истории древнего Казахстана (китайские, древнеперсидские)	Written data related to the history of ancient Kazakhstan (ancient, Chinese, ancient Persian data)
8.	Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихи даму сатылары	Этапы исторического развития духовной культуры казахского народа.	Stages of historical development of the spiritual culture of the Kazakh people.
9.	Сақ-сармат дәуірі туралы жазба деректері мен археологиялық ескерткіштері.	Письменные источники и археологические памятники сакско-сарматской эпохи.	Written data and archeological monuments of the Sak-Sarmatian epoch.
10.	Ұлы Жібек жолының тарихи-мәдени маңыздылығы.	Историческое и культурное значение Великого Шелкового пути.	Historical and cultural significance of the Great Silk Road.
11.	Түркі әлеміндегі ғалымдар мен ұлы ойшылдар. Әбу-Нәсір әл-Фараби, М.Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Ж.Баласағұнның мұралары.	Ученые и великие мыслители тюркского мира. Наследие Абу-Насира аль-Фараби, М. Кашгари, Ходжи Ахмета Яссауи, Ж. Баласагуни.	Scholars and great thinkers of the Turkic world. The legacy of Abu-Nasir al-Farabi, M. Kashkari, Khoja Ahmet Yassawi, J. Balasagun.
12.	Қазақстан территориясындағы этногенетикалық үрдістердің негізгі кезеңдері. «Қазақ» этнонимі.	Основные этапы этногенеза на территории Казахстана. Этноним «казах».	The main stages of ethnogenetic trends on the territory of Kazakhstan. Ethnonym "Kazakh".
13.	XX ғ. басындағы Қазақстандағы әлеуметтік жағдайдың және халықтың этникалық құрамындағы өзгерістері.	Социальное положение и этнический состав населения Казахстана в начале XX века.	Changes in the social status and ethnic composition of the population of Kazakhstan in the early XX century.
14.	Тарих ғылымының негізгі ұғымдары, терминдері және категориялық аппараты.	Основные понятия, термины и категориальный аппарат исторической науки. Социальные функции исторической науки.	Basic concepts, terms and categorical apparatus of historical science. Social functions of historical science.

15.	Еуропа мен Азиядағы феодалдық қатынастардың генезисі мәселелері.	Проблемы генезиса феодальных отношений в Европе и Азии.	The Genesis Problems of Feudal Relations in Europe and Asia.
16.	XVI ғасырдағы Батыс Еуропадағы реформалар: тарихи алғышарттар, негізгі бағыттар мен нәтижелер.	Реформации в Западной Европе XVI в.: исторические предпосылки, основные направления и итоги.	Reformation in Western Europe of the 16th century: historical prerequisites, main directions and results.
17.	Еуропа елдеріндегі және АҚШ-тағы позитивистік тарихнаманың ерекшеліктері.	Особенности позитивистской историографии в европейских странах и в США.	Features of positivist historiography in European countries and in the USA.
18.	XX ғасырдағы Шығыс және батыс елдеріндегі мемлекеттік-құқықтық құрылыстың негізгі бағыттары.	Основные направления государственно-правового строительства в странах Востока и Запада в XX в.	the main directions of state-legal construction in the countries of the East and West in the XX century.
19.	Қазіргі шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар мен жаңа пәндер.	Новые направления и новые субдисциплины в современной зарубежной историографии.	New directions and new sub-disciplines in modern foreign historiography.
20.	1931-1933 ж.ж. Қазақстандағы ашаршылық: қазіргі тарихнамадағы жаңаша көзқарастар.	Голод в Казахстане в 1931-1933 гг.: новые подходы в современной историографии.	Famine in Kazakhstan in 1931-1933: new views in modern historiography.
21.	XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы тарихнаманың идеялық-теориялық негіздерінің дағдарысы. Оның алғышарттары, мазмұны және негізгі кезеңдері.	Кризис идейно-теоретических основ немарксистской историографии на рубеже в конце XIX- в начале XX века. Его предпосылки, содержание и основные этапы.	The crisis of the ideological and theoretical foundations of non-Marxist historiography at the turn at the end of the 19th and beginning of the 20th centuries. Its prerequisites, content and milestones.
22.	20-30 жылдардағы марксистік емес тарихнамадағы әлеуметтік - экономикалық тарих проблемаларын дамыту. «Анналар» мектебі. М. Блок.	Разработка проблем социально-экономической истории в немарксистской историографии 20-30- х годов. Школа «Анналов» М. Блок.	The development of problems of socio-economic history in non-Marxist historiography of the 20-30s. School "Annals" M. Block.
23.	II дүниежүзілік соғыстан кейінгі тарихи ой. Тарихтың либералды идеясының дағдарысы.	Историческая мысль после II мировой войны. Кризис либеральной идеи истории.	Historical thought after World War II. The crisis of the liberal idea of history.
24.	Тарих ғылымындағы неміс-роман мәселесі. Таптық күрестің буржуазиялық теориясы. Ф. Гизо, О. Тьерри.	Германо-романская проблема в исторической науке. Буржуазная теория классовой борьбы. Ф. Гизо, О. Тьерри.	German-Roman problem in historical science. Bourgeois theory of class struggle. F. Guizot, O. Thierry.

25.	Ұлттық тарихты зерделеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырыстары. «Халық тарих толқынында» атты арнайы зерттеулер бағдарламасы: мақсаты, негізгі мәселелері.	Заседания межведомственной рабочей группы по изучению отечественной истории. Программа исторических исследований «Народ в потоке истории»: цель, основные проблемы.	Meetings of the interdepartmental working group for the study of national history. Special research program “People in the flow of history”: purpose, main problems.
-----	---	--	---

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. Алматы: Ғылым. 1998.
2. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. А, 1992
3. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). А, 2007.
4. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. А, 2008.
5. Омарбеков Т.О. XX ғ. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А, 2001.
6. Дандамаев М.А. Политическая история Ахеминидской державы. М., 1985.
7. История Древнего Востока / под ред. В.И. Кузищина. - М., 2007.
8. Волков А.В. Хетты. Неизвестная империя Малой Азии. М., 2004
- Историография истории Древнего Востока : в 2-х т. / под ред. В.И. Кузищина. М.: Высшая школа, 2008. - 720 с.
9. Заболоцка Ю. История Ближнего Востока в древности. М., 1989
- Полибий. Всеобщая история. М., 2003 в 2-х т.
10. История Древнего Рима / под ред. В.И. Кузищина. - М., 2010.
11. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. Изд. 2. М., 2003.
12. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. В 2-х частях. - Алма-Ата, 1993-1994.
13. Козыбаев М.К. Тарих зердеш. 1,2 ТТ. - Алматы, 1998.
14. Кабанов В.В. Источниковедение истории современного общества. М., 1997
- Могильницкий Б.Г. Введение в методологию истории. М., 1989.
15. Румянцева М.Ф. Методология истории. М., 2002.

«D053-Гуманитарлық ғылымдар» БББТ бойынша докторантураға түсу бағдарламасы

Құрастырғандар:

т.ғ.к., қауымд. профессор м.а. _____ Муратказин М.М.

т.ғ.к., доцент _____ Ермуқанов Е.

т.ғ.д., профессор _____ Сутеева Х.А.

т.ғ.к., университет профессоры _____ Жумагулов Б.С.

Академик Т.С. Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының отырысында талқыланып, қабылданды № __ хаттама, «__» _____ 2025 ж.

/ Кафедра меңгерушісі _____ Муратказин М.М.

Әлем тарихы кафедрасының отырысында талқыланып, қабылданды № __ хаттама

«__» _____ 2025 ж.

/ Кафедра меңгерушісі PhD _____ Рүстем К.М.

Қабылдау емтихан бағдарламасы Тарих және құқық факультетінің Ғылыми кеңесінде бекітілді: «__» хаттама, «__» _____ 2025 ж.